

# ТМД ЕЛДЕРІНДЕГІ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Акберов З.М.**

*В данной статье речь идет о конституционной правовой основе судебной власти в странах СНГ.*

*This article deals with the legal framework of the constitutional judiciary in the countries of the Commonwealth of Independent States*

Сот органдары қызметінің қағидалары БҰҰ Бас Ассамблеясының 1985 ж. 29-қарашадағы 40/34 Қарарымен қабылданған қылмыс және билікті асыра пайдалану құрбандары үшін әділсоттылықтың негізгі принциптері Декларациясында және 1998 жылдың 8-10 шілдесінде Страсбургте қабылданған судьялардың мәртебесі туралы европалық хартияда айқындалған [1]. Судьялардың мәртебесі туралы Европалық хартияда судья мәртебесі біліктілікті, тәуелсіздікті және әділдікті қамтамасыз етуі тиіс және судьяның мәртебесіне қатысты негізгі ережелерді бекітеді: судья лауазымына кандидаттарға қойылатын талаптар заң білімінің және еңбек өтілінің болуын талап етеді және жыныстық, этникалық немесе әлеуметтік тиістілігімен, кандидаттың философиялық, саяси немесе діни көзқарастарымен шарттала алмайды; судьяны тағайындау туралы шешім атқарушы немесе заң шығарушы биліктің тәуелсіз сатысымен қабылдануы тиіс; судьяға жауаптылық шарасын қолдану тек қана сот органының немесе судьялардың жартысынан аз емес құрамын кірістіретін тәуелсіз сатының келісімі арқылы мүмкін болады; судьяларды қорғауға ықпал ете алатын судьялардың кәсіби ұйымын құру; судья оның әділдігі мен тәуелсіздігіне деген сенімді жоғалтуға ықпал ете алатындай кез келген жүріс-тұрыс үлгісінен бой тартуы тиіс; судьяның еңбек ақысы оның тәуелсіздігін қамтамасыз етуі тиіс; мемлекет судьяға өз білімінің белгілі бір деңгейін көтеруге және кәсіптік білім алуға тұрақты түрде мүмкіндік жасау жолымен өз білімін тереңдетуге кепілдік беріп, ол бойынша шығындарды мемлекет өз мойнына алуы тиіс [2].

Сот билігінің тәуелсіздігі принциптерін қалыптастырудың әлемдік тәжірибесін зерттеу келесідей бағыттарда жүзеге асырылуы тиіс: 1) әлемдік құқықтық жүйелердің және сот әділдігін жүзеге асыру барысындағы судьялар тәуелсіздігінің кепілдігін қалыптастыру заңдылықтарының маңызы; 2) халықаралық сот мекемелерінің қалыптасуының тарихи-құқықтық аспектілері; 3) отандық сот өндірісінде сот әділдігін жүзеге асырудың халықаралық принциптерін заңи негізде бекітіп, кестелеу; 4) судья иммуниетінің тұғырнамалық негіздерін қалыптастыру мақсатында отандық құқық қолданушылық практиканың заңдылықтары.

Әлемнің құқықтық жүйелерін зерттеу барысында сот әділдігін жүзеге асырудағы сот билігі тәуелсіздігінің кепілдіктерін қалыптастырудың заңдылықтарына талдау жасаудың мүмкіндігі пайда болады. Ғылыми әдебиеттерде құқықтық жүйелерді сыныптау туралы әрқилы пікірлер білдірілген және олардың негізіне әртүрлі өлшемдер алынған. Қазіргі заманғы құқықтық жүйелерді сыныптаудың жалпы қабылданған тәртібіне сәйкес құқықтық семьялар деген атауға ие келесідей топтама бар: романо-германдық (цивилдік) құқықтық семья, англо-саксондық (жалпы құқық семьясы) құқықтық семья, социалистік құқықтық семья и және «будан немесе аралас юрисдикцияның» құқықтық семьясы [3].

Сот билігінің тәуелсіздігі мәселесін қарастыру барысында қазіргі таңдағы ТМД елдерінің демократиялық мемлекеттерін конституцияларда және қылмыстық іс жүргізу заңнамаларында судьялар тәуелсіздігі кепілдігінің бекітілуі мәселесін қозғау керек. 90-жылдары КСРО ыдырағаннан кейін бұрынғы социалистік құқықтық семьяның құрылымында тек кейбір елдердің ұлттық құқықтық жүйелері ғана сақталып қалды (Қытай, Солтүстік Корея, Куба). Бұрынғы КСРО және қалған барлық бұрынғы социалистік мемлекеттердің аумағында жаңа посткеңестік және постсоциалистік құқықтық жүйелер қалыптасты.

Ұлыбританияның құқықтық жүйесі барлық англо-саксондық құқықтық семьяға қатысты алғанда, Францияның құқықтық жүйесі романо-германдық құқықтық семьяға қатысты алғанда орталық буын рөлін атқарған болса, Кеңес Одағының құқықтық жүйесі, кейінен Ресейдің құқықтық жүйесі социалистік құқықтық жүйенің пайда болуына және қалыптасуына ғана орасан зор ықпал етіп қоймай, сонымен қатар оның одан әрі дамуы мен жетілдірілуіне өз ықпал тигізді.

Үлгі ретінде Қазақстан Республикасының соттық жүйесін қарастырайық.

Қазақстанда Республиканың Жоғарғы Сотынан, облыстық және оларға теңестірілген соттардан, аудандық (қалалық) соттардан тұратын бірыңғай сот жүйесі құрылған. Судьялардың мәртебесі 2000 ж. 25 желтоқсанда қабылданған № 132-11 «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңмен анықталады. Барлық соттардың судьялары бірегей мәртебені иеленеді және өзара тек өкілеттіктері бойынша айырмашылықтарға ие болады (Конституциялық заңның 23-бабы.). Судьялардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады және әділсоттылықты жүзеге асырудың заңмен қарастырылған үрдісі арқылы қамтамасыз етіледі; сот әділдігін жүзеге асыру барысында судьяның қызметіне араласқаны үшін, сондай-ақ сотты және судьяны құрметтемегені үшін жауаптылықтың заң арқылы бекітілуімен; судьяға қол сұғылмаушылықпен; лауазымға сайланудың, тағайындалудың бекітілген тәртібімен; судьяның өкілеттігін тоқтату және кідірте тұрудың, судьяның

отставкаға кету құқығымен; судьялардың олардың мәртебесіне сайлылықта материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етілуімен бекітілген.

Жоғарғы Соттың Төрағасы, Жоғарғы Соттың алқаларының төрағалары мен судьялары Республиканың Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген Президенттің ұсынысы бойынша сенатпен сайланады; басқа соттардың төрағалары мен судьялары юстицияның Біліктілік алқасының кепілдемесіне негізделген юстиция министрінің ұсынысы бойынша тағайындалады. Қазақстан Республикасының ҚІЖК 498 бабы судьяға қатысты алдын ала тергеу өндірісінің тәртібін бекітеді. Судьяға қатысты қылмыстық іс тек Республиканың Бас прокурорымен қозғалады.

ҚР Конституциясында «Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқталуы немесе кідіртуі мүмкін», 79-баптың 4 п. «Судьяның қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды» (79 б. 4 п.). «Судьяны тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Республика Жоғарғы Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында белгіленген жағдайда, - Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды (79 бап. 2 б.). Осындай мазмұндағы норма 2000 ж. 25 желтоқсанда қабылданған № 132-11 «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңда да бекітілген (27 бап. 1 б.). Қазақстан Республикасының ҚІЖК судьяға қатысты алдын ала тергеу өндірісінің тәртібі бекітілген (498 бабы). Судьяны қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім алу үшін, судьяға қылмыс жасағандығы туралы айып тағу, тұтқынға алуға, күштеп әкелуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Президентке немесе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын қылмыстық жауаптылыққа тарту кезінде Қазақстан Республикасы парламентінің сенатына ұсыныс түсіреді одан әрі іс бойынша өндіріс әдеттегі тәртіппен жүзеге асырылады. Судьяны лауазымынан босату және судьяның өкілеттігін тоқтату процедурасы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңының 34 бабы бойынша реттелген – Жоғарғы Соттың төрағасына, алқалардың төрағаларына және судьяларына қатысты қызметтен босату туралы шешімді Президенттің ұсынысы бойынша сенат қабылдайды, облыстық соттың төрағасына, алқаларының төрағаларына, судьяларына, аудандық соттың төрағасы мен судьяларына қатысты Президенттің жарлығы шығарылады [6].

Армения Республикасының «Судьяның мәртебесі туралы» Заңы бойынша судьяға қатысты қылмыстық қуғындауды тек Армения Республикасының бас прокуроры ғана қозғай алады. Судья Әділсоттылық Кеңесінің ұсынысына негізделген Республика Президентінің келісімінсіз қамауға алынбайды, сот тәртібімен әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартыла алмайды (11 б.). Аталған Заңның 30 бабына сәйкес судьяның өкілеттігі Республика Президентімен әділсоттылық Кеңесінің ұсынысы бойынша тоқтылады мысалы, судья он күн қатарынан дәлелді себептерсіз жұмысқа шықпаса (5 п.), судьяның жүріс-тұрыс Кодексіне сәйкес өкілеттігін тоқтатуға негіз болатындай іс-әрекетке жол берсе (7 п.), сот әділдігін жүзеге асыру барысында заңды өрескел бұзуға жол берсе (8 п.).

Венгрияда судьяның мәртебесі Конституциямен, сот құрылысы және судьяларды басқару туралы № LXVI заңмен айқындалады. Судья магистратураның ұлттық кеңесінің ұсынысы бойынша Президентпен тағайындалады. Соттарда судьяларды тағайындау процедурасына қатысатын судьялардың өздерімен сайланатын комиссиялар жұмыс жасайды.

Кандидат тест тапсырғаннан кейін комиссия кандидаттың кәсіби жарамдылығы туралы алдын ала қорытынды жасайды. Судьяның лауазымына тағайындаудың бастапқы мерзімі – үш жыл, содан кейін судьяның өтініші бойынша өмір бойына тағайындалуы мүмкін.

Латвия Республикасында судьялардың басымдығы заңмен кепілдендірілген: судьяға қарсы қылмысты іс жүргізуді тек бас прокурор ғана қозғай алады. Судья тек сеймнің келісімімен ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылуы немесе қамауға алынуы мүмкін. Судьяны тұтқындау, күштеп әкелу, ұстау немесе тінту туралы қаулыны Жоғарғы соттың ерекше уәкілетті судьясы ғана қабылдай алады. Егер судья қылмыстық әрекетті жасау барысында ұсталған болса, күштеп әкелу, ұстау немесе тінту туралы қаулы талап етілмейді, бірақ 24 сағат ішінде бұл жөнінде Жоғарғы соттың ерекше уәкілетті судьясына және Бас прокурорға хабарлануы тиіс (Латвия Республикасының Қылмыстық іс жүргізу заңының 120 бабы 2-бөлімі).

Тәжікстан Республикасының «Тәжікстан Республикасындағы судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 9 бабына сәйкес судьяға қатысты қылмыстық іс тек Тәжікстан Республикасының Бас прокурорымен немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен ғана қозғалуы мүмкін. Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың, Жоғарғы Экономикалық Соттың судьялары Тәжікстан Республикасының Оли Маджилисінің келісімінсіз қылмыстық жауаптылыққа тартыла алмайды және қамауға алынбайды. Ал басқа соттың судьялары – Тәжікстан Республикасының Президентінің келісімінсіз жауапқа тартылмайды. Аталған Заңның 16 бабы судьялардың өкілеттігін тоқтату негіздерінің қатарында заңдылықты бұзуды немесе судьяның атына кір келтіретін әрекеттерді жасауды (11 п.), судьяның лауазымына сәйкес келмеуін атап көрсетеді (13 п.) [9].

Украинада қылмыстық істер бойынша сот әділдігін тек сот ғана жүзеге асырады (Украина Конституциясының 124 б, Украинаның ҚІЖК 15 бабы). Хорватия Республикасында сот билігін шешім қабылдау барысында тек Конституция мен заңдарды басшылыққа алатын автономды және тәуелсіз судьялар жүзеге асырады. Сот құрылысы Соттар туралы заңмен реттеледі.

Қылмыстық істер бойынша сот әділдігін жүзеге асыру барысында судьялар тәуелсіз және тек сотқа ғана бағынады (ҚІЖК 184 б.) [10]. Судьялардың тәуелсіздігі мен қол сұғылмаушылығына Конституциямен (126 б.) және Украинаның 1992 жылдың 15 желтоқсанындағы «Судьялардың мәртебесі туралы» заңымен және өзге де заңнамалық актілермен кепілдік беріледі. Судьяларды қызметке тағайындау, олардың тәртіптік жауаптылығы және оларды қызметтен шеттету мәселелерімен мүшелері судьялар, прокурорлар, адвокаттар және құқықтанушы ғалымдар қатарынан іріктелген көрнекті заңгерлерден тұратын Жоғарғы сот кеңесі айналысады. Судья сотқа тиісті болып табылмайтын функцияларды атқаруға тартылмайды, олардың қатарында қылмыстылықпен күресу комитеттері және т.б. бар. Украина Конституциясы 129-бабының 1-бөлімінің судьялардың тек заңға ғана бағынатындығы туралы ереже судьялардың функционалдық тәуелсіздігін бекітеді. «Судьялардың мәртебесі туралы» Украинаның заңы және іс жүргізушілік заңнамасы «сот әділдігін жүзеге асырудың заңмен бекітілген үрдісін» судьялардың нақты тәуелсіздігінің кепілі ретінде қарастырады. Бұл сот әділдігін жүзеге асырудың үрдісінің өзі де судьяларға істі еркін қарап, шешуді соның ішінде, қараудағы іс бойынша мәжіліс барысында судьялардың тиісті пікірлерінің әлдекімге тәуелсіз түрде білдірілуін де қамтамасыз етеді дегенді білдіреді.

Сот процедурасы атап айтқанда, іс бойынша шешім қабылдаудың арнайы кеңес бөлмесінде жүзеге асырылатындығын, онда тек осы іс бойынша сот құрамына кіретін судьялардың ғана бола алатындығын бекітеді. Өзге тұлғалардың онда болуына жол берілмейді. Судьялар кеңес барысында айтылған пікірлерді жария ете алмайды. «Судьялардың мәртебесі туралы» Украина заңының 11-бабының 4 п. судьялардың сот әділдігін жүзеге асыру бойынша қызметіне әлдекімнің болса да араласуына тыйым салады. Осындай сипаттағы араласу заңмен қуғындалады, тіпті қылмыстық жауаптылыққа тартуға дейін жеткізуі мүмкін. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында мәселен, судьяларға сырттан ықпал етуге жол бермейтін нормалар жүйесі бар. Судьялардың қылмыстық істің мән-жайларын зерттеуі және осы зерттеумен байланысты барлық мәселелерді шешуі, құқықтардың шектері мен кассациялық және қадағалау сатысындағы тапсырмалардың міндеттілігі туралы нормаларды осындай нормалардың қатарына жатқызуға болады. Берілген Заңның 12-бабының 2 пунктінде сай судьялар өздері қараған немесе өндірісіндегі істер бойынша қандай да болмасын түсіндірулер беруге міндетті емес, содай-ақ заңда көрсетілген жағдайлар мен тәртіптерді есептемегенде олармен таныстыруға да міндетті емес. Судьяларды қылмыстық жауаптылыққа тартудың ерекше тәртібі бекітілген. Судья заң

алдындағы, соның ішінде қылмыстық және әкімшілік жауаптылыққа қатысты алғанда ерекше иммунитетке ие тұлға ретінде Украинаның Жоғарғы Кеңесінің келісімінсіз соттың айыптау үкімі шыққанша ұстала немесе тұтқындала алмайды.

Судья әкімшілік құқық бұзушылық істер өндірісі бойынша қандай да болмасын мемлекеттік органға күштеп әкеліне алмайды. Қылмыс істеді деген күдікпен немесе шара алу сот арқылы жүзеге асырылатын әкімшілік құқық бұзушылық үшін ұсталған судья оның жеке басы анықталғаннан кейін бірден босатылуы тиіс. Судьяның тұрғын үйіне немесе қызметтік жайына, оның жеке немесе қызметтік көлігіне кіру, кедендік тексеру жүргізу, тінту немесе алу, оның телефон арқылы сөйлесулерін тыңдау, оны жеке тінту, оның корреспонденцияларын, заттары мен құжаттарын алу қозғалған қылмыстық іс болуының барысында тек Украинаның Бас прокурорының санкциясымен ғана жүргізіледі. Мәселен, Киев қаласы Печерский аудандық сотының төрағасы Н. Замковенконың жұмыс кабинетінде және пәтерінде тінту жүргізу барысындағы Украинаның Бас прокуратурасының әрекеттері, санкцияда Бас прокурордың міндетін атқарушы оның орынбасары Владимир Кудрявцевтің қолы қойылуы себепті Киев облыстық сотымен заңсыз деп танылған [10].

Украинаның Конституциялық Сотының және кез келген жалпы және арбитраждық соттың судьясына қатысты қылмыстық іс бірінші саты ретінде облыстық, Қырым Республикасының Жоғарғы Сотымен, Киев, Севастополь қалалық соттарымен, кез келген әскери соттың судьясына қатысты қылмыстық іс бірінші саты ретінде аймақтық әскери сотпен немесе Украинаның Әскери-теңіз күштерінің сотымен қаралады. Істің соттылығы Украинаның Жоғарғы Сотының Төрағасымен немесе оның орынбасарымен анықталады. Сонымен қатар іс айыпталушы жұмыс істеген сотпен қарала алмайды .

Судьяның, оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының өмірі мен денсаулығына, олардың мүліктеріне қауіп төнгендігі туралы жеткілікті мәліметтердің болуының барысында Украинаның «Сот және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін мемлекеттік қорғау туралы» №378-ХІІ 1993 жәылғы 23 желтоқсандағы Заңы бойынша сот төрағасы қорғаудың арнайы шараларын қолдану туралы шешім қабылдауы тиіс.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің Жоғарғы соттарының басшыларының кездесуіне қатысушылар тәуелсіз сот билігінің қалыптасуы тәуелсіз мемлекеттерде даму мен демократиялық процестердің нығаюының басты факторларының бірі болып табылатындығын атап көрсетті. Достастық соттарының басшылары өзара жалпы қағидалар, уақыт сынағынан өткен құқықтық тетіктермен дәстүрлі байланыстағы сот жүйелерінің өзара ынтымақтастығын қолдады. Өзара ынтымақтастықтың маңызды бағыттары ретінде төмендегілер аталып көрсетілді:

- әділ сот жүйесін одан әрі реформалау және жетілдіру бойынша тәжірибе алмасу; тәуелсіз сот билігін нығайту; сот әділдігі өрісіндегі ұлттық заңнаманы одан әрі жаңарту және бірегейлендіруге соттардың қатысуы; сот өндірісін қарапайымдандыру және жеңілдету жолымен соттар қызметінің тиімділігін жақсарту; ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктерімен байланысты сот қызметі өрісінде біріккен шешімдерді қарастыру; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау ісіндегі соттардың рөлін көтеру; судьялар қауымдастығының жұмыс әдістерін жетілдіру [11].

### Әдебиеттер:

- 1 См.: Международные акты о правах человека. Сб. док. – М.: Издательская группа НОРМА – ИНФРА – М, 1998.- С. 124.
- 2 См.: Гуськова А.П. Правоохранительные органы (судоустройство): учебник/ А.П. Гуськова, А.А. Шамардин. – М., 2005. - С.178.
- 3 См.: Марченко М.Н. Правовые системы современного мира: учеб. пособие/ М.Н. Марченко. - М., 2001. - С.19.
- 4 См.: Правоохранительные органы: сборник законодательных актов. – Алматы, 2005. - С.3-21.
- 5 См.: Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан. – Алматы, 2005. - С.194.
- 6 См.: Правовые системы стран мира: энциклопедический справочник / отв. ред. д.ю.н. А.Я. Сухарев. - 2-е изд., изм. и доп. – М., 2001. - С.301-303; Кишкембаев А. Некоторые проблемы гарантий независимости судей // <http://www.narod.ru>
- 7 См.: Судебные системы европейских стран: справочник / пер. с франц. Д.И. Васильева и с англ. О.Ю. Кобякова. – М.: Международ. отношения, 2002. – 336 с.
8. См.: Уголовно-процессуальный закон Латвийской Республики от 21 апреля 2005 г. – Рига: Балтийский русский институт, 2005. - С.63.
9. См.: О состоянии законодательства об ответственности судей: Информационное письмо Высшего Арбитражного Суда РФ от 23 декабря 1999 г. №УЗ-31 // СПС Гарант.
- 10.См.: Уголовно-процессуальный кодекс Украины: научно-практический комментарий / под общ. ред. В.Т. Маляренко, Ю.П. Аленина. – Харьков, 2003. - С.131.
10. См.: Решение об образовании Научно-консультативного центра частного права СНГ (Москва, 15 апреля 1994 г.)// СПС Гарант.

11. См.: Итоговый протокол встречи руководителей Верховных судов стран СНГ (Москва, 28 мая 2011 г.)// СПС Гарант. 2011